

Ұлттық Банк бос орынға орналасу үшін ашық конкурс жариялайды

Жаңа ақпараттық саясат шеңберінде Қазақстанның Ұлттық Банкі жақын арада Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қызметшілерінің бос орнына орналасу үшін ашық конкурс жариялайды.

Белгілі бір критерийлерге сәйкес келетін барлық қазақстандықтар конкурсқа тең талаптармен қатыса алады. Қаржы реттеушісі жақсы білімі бар, Қазақстанның экономикасына өз үлесін қосқысы келетін дарынды жастарды таңдауға ниетті.

Бос орындар туралы хабарландыру Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің www.nationalbank.kz ресми Интернет-ресурсының «Ұлттық Банк»/«Бос орындар»/«ҚРҰБ орталық аппараты» бөлімінде мемлекеттік тілде және орыс тілінде орналастырылады.

Анықтама ретінде:

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі елдің орталық банкі болып табылады және банк жүйесінің жоғарғы (бірінші) деңгейін білдіреді. 1991 жылы құрылған, елдің Президентіне есеп береді, бірақ оған заңнамамен берілген өкілеттіктер шегінде өз қызметін тәуелсіз атқарады.

Ұлттық Банк мемлекеттің ақша-кредит саясатын, валюталық реттеуді және бақылауды, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеуді және бақылауды жүзеге асырады, төлем жүйелерінің жұмыс істеуін және қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Қазақстан Ұлттық Банкінің негізгі мақсаты Қазақстан Республикасында баға тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады.